

2024 жылғы Қазақстан Республикасы халқының туғандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы

Жариялау күні: 27.03.2025
Келесі жариялау күні: 27.03.2026

1. Негізгі түйінді тұстары
2. Динамикалық кестелер
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Пайдалы сілтемелер


1. Негізгі түйінді тұстары

Қазақстан Республикасы халқының туғандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы – 75,44 жас;
ерлер – 71,33 жас;
әйелдер – 79,42 жас;
қала халқы – 76,14 жас;
ауыл халқы – 74,26 жас.

Электрондық кесте:

[Күтілетін өмір сүру ұзақтығы 2024 жыл](#)


Туғандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы



Ең жоғары туғандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы Алматы қаласында тіркелді – 78,78 жас, ал ең төмені - Ұлытау облысында - 72,48 жас.

2. Динамикалық кестелер

[Күтілетін өмір сүру ұзақтығы](#)



3. Глоссарий

Туған кездегі өмір сүрудің күтілетін ұзақтығы - осы ұрпақтың бүкіл өмір сүру ұзақтығында әр жастағы өлім-жітім деңгейі көрсеткіш есептелген жылдардағыдай қалған жағдайда, туғандар ұрпағынан орташа есеппен бір адамның өмір сүруіне болатын жылдар саны болып табылады.

Өлім-жітім - бұл халықтың әртүрлі жастарында орын алған көптеген жекелеген өлімнен тұратын ұрпақтың жойылу процесі.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Өлім-жітім кестесінің көрсеткіштері жасы бойынша және тіркелген бастапқы санымен кейбір теориялық ұрпақтың өлім-жітімнің әсерінен жасына қарай азаю процесін сипаттау сияқты ұйымдастырылған және өзара байланысты бірқатар сандар жүйесін білдіреді. Өлім-жітімнің кестесі «Өмір сүрудің күтілетін ұзақтығы» көрсеткішін бағалау үшін құрылады.

Өлім-жітім кестелерін есептеу үшін бастапқы статистикалық деректер ретінде осы күнтізбелік жыл ішіндегі осы жаста қайтыс болғандар санының осы жастағы адамдардың орташа жылдық санына қатынасы ретінде есептелетін өлім-жітімнің коэффициенттері алынады.

Келесі x жасқа дейінгі өмір сүру ықтималдығы – оның басталуына дейін өмір сүріп жатқандар санынан осы жас интервалының соңына дейін өмір сүріп жатқан адамдар үлесін білдіреді.

X жасына жеткен өмір сүрудің күтілетін ұзақтығы қазіргі өлім-жітімнің әрбір келесі жасын сақтаған кезде осы жасқа жеткендерге алда өмір сүруі қажет жас санын білдіреді.

5. Пайдалы сілтемелер

[Өлім-жітім көрсеткіштерін есептеу әдістемесі](#)

[Туғандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы, Сапа туралы есеп.](#)

[Туғандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы, «Талдау» Ақпараттық-талдау жүйесі](#)

Шығаруға жауапты: Халық статистикасы департаменті	Департамент директоры: Н. Ханжигитов Тел. +7 7172 749061	Орындаушы: К. Рысбаев Тел. +7 7172 749343 E-mail: k.rysbayev@aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, Астана қ. Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
--	---	--	--